

ӘОЖ 323

Ж.Б. Момынқұлов, Д.М. Көкеева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті,
Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: janatmom@bk.ru, dmkbudda@mail.ru

Египет Араб Республикасындағы 2012 жылғы саяси дағдарыс

Осы мақалада Египет Араб Республикасында (Мысыр елі) 2012 жылы орын алған саяси дағдарыстың себептеріне, кезеңдеріне және нәтижелеріне талдау жасалады. 2012 жыл аталмыш елдегі саяси жағдай қатты шиеленісіп, халық екі саяси топқа бөлінді. Зайырлылар мен исламшылдардың арасындағы саяси қақтығыс елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына кері әсер етті. Мысырда әскерилер мен исламшылдар арасында тепе-теңдік немесе келісім орнады. Зайырлы топтар ұйымдасқан күшті саяси партиялар құра алмады. Десек те оппозиция президенттің өкілеттігін арттыратын конституциялық заңның қабылданбауында үлкен рөл атқарды. Саяси дағдарыс Мысырдың жаңа конституция жобасының ұлттық референдум арқылы қабылдануымен аяқталды. Бұл жолы да исламшыл топтар өздерінің күшті қоғамдық қолдауға ие екендігін дәлелдеді. Енді Мурси бастаған Еркіндік және әділет партиясы экономикалық мәселелерді шешуге көңіл бөлуі тиіс. 2013 жылы елде болатын парламенттік сайлауларда дағдарысты оң шешудің мүмкіндігі бар. Десек те Мысырдағы саяси жағдай алдағы уақытта тағы да шиеленісуі ықтимал. Өйткені Мысырдағы саяси бақталастықта исламшылдар жеңді деп айту әлі ерте.

Түйін сөздер: Мысыр, оппозиция, «Мұсылман бауырлар», конституциялық заң, конституция жобасы, дағдарыс, қарыз, реформа.

Zh.B. Momynkulov, D.M. Kokeyeva

Political Crisis in the Arab Republic of Egypt in 2012

In this article the reasons, developments and results of the political crisis that took place in Egypt in 2012 are analyzed. In 2012 political situation in the country has turned to be harshly deteriorated, the people have been divided into two political groups. The political conflict between secularists and Islamists has negatively influenced on social and economic situation in the country. But, balance or accord has been ensured between the Islamists and military. Secularist groups failed to shape powerful and organized political parties. Nevertheless, the opposition played big role in the process: the new constitutional decree that gives to president sweeping powers has been refused. This political crisis in Egypt has been finished with the ratification of the new constitution draft in national referendum. The Islamists have proved to all that they have very strong support of society once again. Now, the Freedom and Justice Party led by Mursi should pay a major attention to the economic issues to be successfully settled. The next Parliamentary elections in 2013 might be the last point of this crisis. But, political situation in Egypt might be even worst in the next months. The crisis is still going on. It is too early to state that the Islamists won in this political crisis.

Keywords: Egypt, opposition, Muslim Brotherhood, constitutional decree, constitution draft, crisis, debts, reforms.

Ж.Б. Момынқұлов, Д.М. Кукеева

Политический кризис в Арабской Республике Египет 2012 года

Авторами данной статьи дается анализ причинам и последствиям политического кризиса, имевшего место в 2012 г. в Египте. В 2012 году политическая ситуация в стране очень сильно ухудшилась – народ разделился на два политических лагеря. Политический конфликт между светскими и исламистами негативно отразился на социально-экономической ситуации в стране. Однако между исламиста-

ми и военными был установлен баланс и соглашение. Светские силы так и не сумели превратиться в мощную организованную политическую партию. Тем не менее оппозиция сыграла важную роль в том, чтобы конституционный декрет, предоставляющий президенту неограниченные полномочия, все-таки не был принят. Политический кризис в Египте завершился принятием на национальном референдуме проекта новой конституции. Исламисты еще раз доказали, что пользуются сильной поддержкой общества. Теперь, партии Свободы и справедливости необходимо решать экономические проблемы в стране. От результатов Парламентских выборов, которые пройдут в 2013 году зависит многое. Однако политическая ситуация в стране может еще больше усугубиться в ближайшие месяцы. До тех пор пока коллизиям не будет положен конец, еще рано говорить о том, что исламисты окончательно победили в этом политическом противостоянии.

Ключевые слова: Египет, оппозиция, «Братья мусульмане», конституционный декрет, проект конституции, кризис, долги, реформа.

Саяси дағдарыстың себептері. Египеттегі саяси жағдай 2012 жылдың соңғы екі айы ішінде, дәлірек айтсақ, 21.11.12-27.12.12 мерзім аралығында тым күрделеніп, елді терең саяси дағдарысқа әкеліп тіреді. 2012 жылдың маусым айында Мысырда өткен еркін президенттік сайлауда жеңіске жеткен исламшыл саясаткер Мухаммад Мурси («Мұсылман бауырлар» ұйымының мүшесі) қарашаның 21-ші күні елдің сот жүйесінің өкілеттігі мен ықпалын әлсірететін, керісінше, президентке шексіз кең құқықтар беретін конституциялық заң шығарды. Бұл заңға сәйкес президенттің шешімдері талқыға салынбайды; елге қауіп төніп, төтенше жағдай туғанда президент заңнан тыс шешім қабылдау құқығына ие бола алады. Алайда бұл заңға Мысырдағы либералдар мен зайырлылармен қатар соттың өкілдері де қарсы шықты. Олардың ойынша, мұндай заң сот өкілдерінің тәуелсіздігін шектейді. Қоғамдық қарсылық пен наразылыққа байланысты Мурси аталмыш заңның күшін жоюға мәжбүр болды. Мысырдағы күрделі саяси жағдайдың мәнін түсіну үшін арқа шегініс жасап, кейбір маңызды оқиғаларға түсініктеме беру қажет.

2011 жылдың күзінде Мысырда өткен парламенттік сайлауда исламшыл күштер жеңіске жетті. Дәлірек айтсақ, «Мұсылман бауырлар» («Еркіндік және әділет» партиясы) Парламенттегі орындардың 40%-ын, салафшылар («Нұр» партиясы) болса, 30%-ын иемденеді. Сөйтіп, Мысырдағы заң шығарушы органның 70%-ы исламшыл топтардан құралды. Сол кезде Мысырдағы ең ұйымшыл саяси топ «Мұсылман бауырлар» ислами жамағаты еді. Бұл ұйымның түпкілікті мақсаты ислам дінінің принциптері мен ережелеріне негізделген Ислам мемлекетін қайта құру болып табылады. Алдағы жылда-

ры Мысыр елі діни қағидаларға негізделген теократиялық, ислами мемлекетке айналуы ықтимал. Мамандар тарапынан «Ислами цунами» аталған бұл құбылыс Мубарак дәуірінде үнемі қысым көріп келген діндар топтардың көлеңкеден жарыққа шығуын, яғни заңды түрде саясатқа келуін білдіреді [1].

2012 жылдың жазында Мысырда президенттік сайлау өтіп, оның нәтижесі бойынша, елге бейтаныс Мухаммад Мурси ел президенті болып сайланады. Елде Уақытша билік әскери күштердің қолында болғандықтан, Мурси әскери элитаның қысымымен күзде сайланған парламенттік құрамды заңсыз деп тануға мәжбүр болады. 2012 жылдың тамыз айында жаңа министрлер кабинеті жасақталып, оған бұрынғы үкіметтің технократтары мен жаңа исламшылдар енеді, ал зайырлылар мен либералдар биліктен алыстатылып, оппозицияның негізін құрайды.

Билікке келген «Мұсылман бауырлар» саяси тобы өз билігін түбегейлі заңдастыру, институттану және әкімшілік ықпалын арттыру үшін «Әскери күштердің жоғарғы кеңесін» әлсіретіп, бейтараптандыруға кірісті. 12.08 күні президент М. Мурси Қорғаныс министрі Тантавиді қызметінен босатып, әскери құрылымдардың заң шығару және жаңа конституция әзірлеуге қатысу құқығын жойды. Сол күннен бастап, Мысыр елі әскерилерден тәуелсіз түрде азаматтық күштер тарапынан басқарылатын мемлекетке айналды. Яғни елде әскери мен азаматтық күштер арасында тепе-теңдік орнатылып, ортақ келісімге қол жеткізілді.

Конституциялық заң мақұлданбаған соң, Мурси, өте қысқа уақыттың ішінде елдің жаңа конституция жобасын ұсынды. «Мұсылман бауырлар» ұйымы өзіне тиімді жаңа конституция шығару үшін сот жүйесін әлсіретіп, конституция

жазумен айналысуға міндетті Құрылтайшылар Ассамблеясы құрамынан кейбір зайырлыларды шығарып, оған исламшыл заңгерлерді тарта бастайды. Бұған конституциялық соттың өкілдері наразы болып, елдегі сот жүйесінің қызметкерлері оппозицияға қосылады. Бұдан бұрын, 11.10 күні Мурси елдің бас прокурорын қызметінен босатады. Мурсидің ендігі мақсаты қоғам-саяси ықпал етудің тетіктеріне ие сот жүйесінің өкілеттігін шектеу еді. Құрылтайшылар Ассамблеясы Исламның рөлін күшейтетін, либерал, солшыл және христиан топтардың ықпалын әлсірететін жаңа конституция жобасын мақұлдады. Конституция жобасы халықтық референдумда қабылдануы қажет болғандықтан, іле-шала, үстіртін әзірленген, халықтың талқысынан өтпеген Конституция жобасы бойынша 15 желтоқсанда референдум өткізілетін болып шешілді. Мурси әкімшілігінің өте маңызды және сезімтал саяси мәселелерде асығыстық танытуы оның билікті тезірек заңдастырғысы келетіндігімен түсіндірілсе де, бұл атүсті шешімдер оппозицияның бірігіп, тез ықпалдасып, күшеюіне алып келді. Оларға бұрын әкімшілік ықпалға ие болған, қазір биліктен аластатылған наразы саяси топтар, Батысшыл либерал жастар, христиан копттар, Насершіл социалисттер, тіпті, кейбір енжар исламшылдар да енді.

Дағдарыс. 22.11 күні аты шулы конституциялық заң онсыз да наразы халықтың бір бөлігінің ашу-ызасын тудырады. Бұл заң президенттің өкілеттігін арттырып, оның сот алдындағы ықпалын арттыруға бағытталғандықтан, кейбір мысырлықтар Мурсиді «жаңа диктатор», «перғауын» деп атай бастады. Ал Мурси болса, өзін Мысыр төңкерісінің сақшысы жариялап, елде әділеттілікті орнатып, оның демократияға өтуін қамтамасыз етпекші болды. 23.11 күні оппозиция жақтастары Мысырдың көптеген қалаларында шерулер ұйымдастырып, «Еркіндік және Әділет» партиясының кеңселерін басып алып, өртей бастады. Қалаларда Мурсидің жақтастары мен қарсыластары арасында тікелей қақтығыстар орын алды. 24.11 күні сот өкілдері Мурсидің шешімдерінің соттың талқылауынан босатылатыны жөніндегі сөзін негізге алып, барлық заңгерлерді ереуілге шақырды. Оларға оппозициялық күштер де қосылды. 25.11 күні Мурсидің жаңа үкіметінде президенттің сот

үкімінен дербес болуы жөніндегі пікірге қатысты дау-дамай туындады. Президент бұл шешімінің уақытша екенін мәлімдеуіне қарамастан, Әділет министрі ол шешімнен бастартудың қажеттілігін жария түрде мәлімдеп, мұндай қадамның исламшылдар мен бұрынғы зайырлы үкіметтің институттары арасындағы шиеленісті жеңілдететіндігін алға тартты.

26.11 күні қоғам қысымның артуымен М. Мурси өзінің билігін кеңейту жөніндегі шешімінен бас тартады. Мурсидің «Мұсылман бауырлар» ұйымындағы жақтастары үлкен ереуіл өткізу жөніндегі жоспарларынан бастартып, екіге бөлінген Мысыр қоғамындағы күрделі шиеленісті басуға құлықты екендіктерін танытты. 27.11 күні мыңдаған ереуілшілер Каирдың көшелеріне шығып, Мурсидің елдің демократияға өтуі үшін қажетті саналған өкілеттігін кеңейту жөніндегі ниетіне қарсылық білдірді. Олардың дауыстап, айқайлаған ұрандарының арасында Мубаракқа айтылған «Биліктен кет!» слоганы болды. Ереуілге шығушылардың арасында әлемге танымал саясаткерлер Мухаммад әл Барадеи, Амр Муса да бар еді. Сол күндері «Мұсылман бауырлардың» лидері жеккөрінішті күйде еді, ұйымның беделіне айтарлықтай нұқсан келді. 28.11 күні сот өкілдері тым саясиланып кеткен жағдайға қарамастан, халықты ереуілге шақырды, Жоғарғы конституциялық сот президенттің сөздерін терістеп, исламшылдардан құралған конституциялық жиынның жаңа конституцияны жазып жатқандығын сынға алды. 29.11 күні исламшылдардан құралған Конституциялық жиын елдің жаңа конституциясының жобасын мақұлдап жіберді. Заңгерлердің айтуынша, аталмыш жоба екіұдайы әсер тудыратын, түсініксіздеу, көмескілеу баптарға толы болатын. 30.11 күні жаңа конституция жобасының мақұлданғанын естіген президент Мурсидің мыңдаған қарсыластары Каирдың Тахрир алаңына қарай ағылды. Олар Мысырдың жаңа конституциясының неліктен асығыс және атүсті әзірленгендігіне наразылық білдірді [2].

1.12 күні «Мұсылман бауырлар» президент Мурсиді жақтап, екі миллиондай жақтастарын Каир университетіне, Нахда алаңына жинады. Сол кезде Мурсидің бірнеше мың қарсыласы Тахрир алаңына қарай беттеп келе жатқан еді. Исламшылдардың мақсаты өздерінің көптігін, Мурсидің саяси бағытын шын қолдайтындығын халыққа дәлелдеу еді. Осы күні Мурси жаңа кон-

ституция жобасының 15 желтоқсан күні ұлттық референдумға шығарылатынын жариялады. Яғни Мурси өз қарсыластарына тұтқиылдан шабуыл жасады. Бұл қадам оппозицияның радикалдануына алып келді, қақтығыс өрши түсіп, енді қарсыластар конституция жобасының жекелеген баптарын ғана емес, жобаны толығымен қабылдамайтындықтарын, референдумға қатыспайтындықтарын мәлімдеді. 2.12 күні Мысырдың жоғарғы дәрежедегі соттары жаңа конституция жобасын әзірлеген органның заңды іс-әрекеті туралы шара қабылдау жөніндегі шешімінен бас тартады. Олар өздерін сот орындарына кіргізбей жатқан исламшыл топтарды кінәлап, бұл күннің «Мысыр соты тарихындағы ең қараңғы күн» екендігін мәлімдеді. Мубарак кезеңінде қызметке алынған сот өкілдері мен жаңа исламшыл биліктің тағайындаған сот өкілдері арасындағы кикілжің күшейіп, қақтығыс осылай өрши түсті. Бұлардың алдыңғысы референдумды қадағаламайтындықтарын жеткізді. 3.12 күні Жоғары сот өкілдері ұлттық референдумға қатысатындықтарын жариялады. Бұл қадамды соттың референдумды заңды қолдауы ретінде де түсінуге болады. Оппозиция болса, Мурсиге қарсы екендіктерін айтып, ереуілдеуді жалғастыра берді. 4.12 күні оппозиция өкілдері жаңа ереуілге шығып, Тахрир алаңынан бастап, Президенттің «Әл Иттихадия» (Бірлік) сарайына дейін жүруге бел буды. Сол күні кешке қарай, Президент сарайы демонстранттар тарапынан қоршалынып алынды. Олар «Мұсылман бауырлардың» намысына тиетін сөздер айтып, сарайға баса көктеп кіретіндіктерін мәлімдеді. Бір айта кетерлік жайт, әскери жасақтар сол кезде оқиға орнында болса да, жағдайға онша белсене араласпай, мәселені екі қарсылас топтың өздері шешсін деген бейтарап сыңай танытты. 5.12 күні Президент Мурсидің мыңдаған жақтастары оқиға орнына ағылып, сарайдың маңындағы жағдайды өз қадағалауына алғандай болды. Алайда кейін белгісіз ереуілшілердің мылтықпен оқ атып, алты кісіні өлтіруі жағдайды ушықтыра түсті.

6.12 күні күндері саяси дағдарыс өз шарықтау шегіне жетті. 7.12 күні Президенттің жақтастары сарайдың айналасынан кете бастады. Өйткені сол күні Мурси халыққа үндеу тастап, барлық мысырлықтарды ұлттық диалогқа шақырды. 8.12 жұма күні кешке қарай, оппозиция өкілдері президент сарайына баса көктеп кірмекші болды. Олар президент жақтастарының

сарайға келе жатқандығы туралы сыбысты ести сала, артқа шегіне бастады. Осылайша, оппозиция өкілдері ең қауіпті де шешуші кезеңді артқа тастады. Әрине, оппозиция президенттің ұлттық диалогқа шақыруын қабылдамады. Олардың талабынша, президент, алдымен, өз шешімдерінен бастартуы тиіс еді. Бірқатар қоғам қайраткерлер, саясаткерлер, ғалымдар, заңгерлер диалог идеясына қолдау көрсетті. Сол күні Қарулы күштердің басшылығы мәлімдеме жасады. Онда әскери басшылық саяси дағдарыстың күрделеніп кеткенін айтып, халықты ұлттық диалогқа үндеп, мәселені заңды және конституциялық жолмен шешу керектігін мәлімдеді. 9.12 күні ұлттық диалогқа қатысушы тараптар алғашқы конституциялық заңның орнына екінші заңды қабылдау, президенттің өкілеттігін кеңейтпеу және бас прокурорды қызметінен алмау жөнінде ортақ келісімге келді. Бірақ ұлттық референдумның өткізілетін күні 15 желтоқсан күні болып қала берді. 10.12 күні Мурси әскери күштерге полицияның өкілдігін беріп, референдумға қарсылық білдіргендерді абақтыға қамау жөнінде бұйрық берді. Оппозиция болса, референдумда конституцияға қарсы дауыс беретіндіктерін айтып, қалыптасқан жағдаймен келісуге мәжбүр екендіктерін байката бастады. Әскерилер мен исламисттер арасында келісім орнады. 11.12 күні оппозиция өкілдері Президент сарайынан кетпей, конституция жөніндегі референдумға қарсылық ретінде сарайға кіруге талпынды. Әскери күштер оппозицияны Мурсидің референдум туралы шешімін қабылдауға шақырды. Ендігі кезекте әскерилер Мурсиді ашық түрде қолдай бастады. Мурсидің жақтастары мен қарсыластары арасында қақтығыстар өз жалғасын тапты [3].

12.12 күні референдумның екі кезеңнен (15.12, 22.12) тұратыны туралы жарияланды. Оппозиция өкілдері әскерилердің қысымына шыдамай, ашық қақтығысудан бастартып, ұлттық референдумға қатысатындықтарын мәлімдеді. 14.12 күні жүз мыңдаған полиция мен әскерилер референдумды өткізудің қатаң шараларына көшуі кейбір қақтығыстарды туғызды. 15.12 жаңа конституция жобасы жөнінде ұлттық референдум өткізіліп, оның нәтижелері бойынша жобаға мысырлықтардың жартысынан астамы қолдау көрсетті. Мысырдың он провинциясы Мурсиге қолдау білдірсе, Каир сайлаушыларының 57 % пайызы қарсылық білдірді. Бірақ оппозицияның

қарсылығы басылмады. Оппозиция Мурсиге қысым жасауды жалғастыра береді. 21.12 күні Александрия қаласында исламшылдар мен оппозиция арасында қақтығыстар орын алды. 22.12 күні референдумның екінші туры өткізілді. Келесі күні зайырлы оппозиция өкілдері референдумның заңсыз екендігін, заң бұзушылықтардың орын алғанын алға тартып, жағдайды шиеленістірді. 23.12-24.12 күндері референдум нәтижелерінің жариялануының алдында оппозиция референдумды дұрыс ұйымдастырмады деген желеумен билікті айыптады. 25.12 күні ұлттық референдумның нәтижелері ресми түрде жарияланды. Мысыр сайлау комиссиясының қорытындылары бойынша, референдумға 17 миллион кісі (сайлаушылардың 32.9%-ы ғана) қатысып, олардың 10.7 миллионы (63.8%) жаңа конституция жобасын қолдаса, 6 миллионы (36.2%) оған қарсылық білдірген. Осылайша, талас-тартыс тудырған жаңа конституция көпшіліктің қолдауына ие болды. 26.12 күні президент Мухаммад Мурси жаңа конституция туралы заңға қол қойып, көпшілік алдында Мысырдың жаңа қауіпсіздік және тұрақтылық кезеңіне кіргендігін мәлімдейді. Бұл «Мұсылман бауырлар» діни-саяси ұйымының тағы бір жеңісі еді. Десек те Мурси жаңа конституцияның нобайын жасау кезінде кейбір қателіктердің жіберілгенін мойындап, мәселе төңірегіндегі дау-дамайдың демократиялық даму жолындағы Мысыр қоғамының жетілгенін көрсететіндігін мәлімдеді. 27.12 күні Мухаммад әл-Барадеи бастаған оппозицияның көшбасшыларына билікті күшпен ауыстырып, төңкеріс пен қастандық жасамақшы болды деген айып тағылды. Мысыр заңдарына сәйкес, референдум болған сәттен бастап, екі айдың ішінде елде Парламенттің Мәжіліс палатасының сайлауы өтуі тиіс.

Жаңа конституция бойынша, Шарифат заң шығарудың басты қайнар көзі болып табылады. Әл-Әзхар университеті сунниттік исламның шарифатқа қатысты туындайтын мәселелері бойынша қосымша өкілеттікке ие болды. Христиандық пен Иудаизм елдегі христиандар мен еврейлер үшін заң шығарудың көзі болып табылады. Ислам, Христиандық пен Иудаизм діндері мемлекеттің қорғауында болатын болды. Президенттің қызметі 4 жылдан тұратын екі маусыммен, яғни ең көбі 8 жылмен ғана шектелетін болды.

Әскери кеңестің Мысырды басқару үдерісінен аластатылып, саяси ықпалының әлсіретілуі елдің демократияға өтуінің ең маңызды бір ерекшелігі. Десек те, елдегі экономикалық және бюрократиялық билік әлі әскери мекемелердің қолында екендігі рас. Әзірше, Мысырда бір ғана ұйымдасқан күшті саяси ұйым – Еркіндік және Әділет партиясының болуы оның бірте-бірте мемлекеттік құрылымдарды «басып алуы қаупін» тудырып, кейінгі сайлаулар кезінде өз билігін авторитарлық тұрғыда пайдалануының ықтималдығын арттырады. Жаңа конституция президенттің құқықтарын кеңейтіп, оған парламентті референдум арқылы тарату құқын береді. Президент заң шығарушы, атқарушы және сот жүйелерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Жаңа парламент әскери құрылымдардың бюджетін бақылау құқығынан айырылды. Президенттің жергілікті билік өкілдерін тағайындау құқығы аймақтардағы демократиялық басқаруды тежейді. Кейбір заңгерлердің ойынша, жаңа конституция әйелдердің, азшылық топтардың, христиандардың құқықтарын, жалпы, адамдардың қарапайым құқықтарын шектейді [4].

25-29.01.13 күндері елдегі ішкі саяси жағдай қайтадан шиеленісе түсті, жастар көшеге шығып, кісі өлімі тіркелді. Мыңдаған жастар Мурсиді елдің экономикалық мәселелерін шешуге қабілетсіздік танытып отыр, өз уәделерін орындамай алмады деп айыптап, одан биліктен кетуін талап етті. Египеттегі саяси дағдарыс алдағы уақытта әлі де шиеленісетін сияқты. Дағдарыс қазірге дейін жалғасуда. Елде 2013 жылы қайтадан төңкеріс орын алуы мүмкін.

Дағдарыстың экономикалық әсері. 2012 жылы Мухаммад Мурси халыққа тиімді үкімет құратынын, ел экономикасын жақсартатынын, халықтың көңілінен шығатын конституцияны қабылдайтынын уәде еткен еді. Әзірше, мысырлықтардың оппозициялық бөлігі экономиканың тұралап, қоғамдық қызмет түрлерінің нашарлағандығын айтудан шаршамауда. 2011 жылғы төңкерістен бері Мысыр экономикалық даму деңгейі тұрғысынан қарқынды даму жолынан шығып қалды. Туризм, сауда және Суэц каналынан түсетін қаржыға өмір сүретін мысырлықтар қазір қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайға душар болды. Мубарак кезінде елдің ІЖӨ көрсеткіші жылына 7 пайызға өсіп отырды.

Алайда экономикалық өсіммен бірге демографиялық өсімнің қатарласуы жағдайында жұмыссыз жастар саны 25% пайызды құрап, университеттік дипломға ие, бірақ жұмыссыз жастар саны күрт артты. Араб төңкерісінің, соған байланысты туындаған белгісіздіктің ұзақ уақытқа созылуы, экономиканың қызметіне кері әсер етті. Экономиканың 7 пайыздан төмендеуі еңбек нарығындағы жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға кедергі болды [5].

Мысырдың шағын экономикасында баға мен айырбас бағамының тұрақтылығы өте маңызды. Мысыр азық-түлік пен отынның ірі импорттаушысы болғандықтан, ішкі инфляция мен мемлекеттік шығындар айырбас бағамының құнсыздануына сезімтал. Мысырдың Орталық банкі шетел валюталарындағы қорларының біраз бөлігін жұмсап тастады. 2013 жылы Мысыр Халықаралық валюталық қордан \$4.8 миллиард қарыз алмақшы. 2012 жылы Түркия Мысырға \$ 2 миллиард қарыз берсе, Парсы шығанағы елдері де жәрдем беруге ниетті. Бұған АҚШ-тың жыл сайынғы 1.6. миллиард көмегін қосыңыз. Бұл қорлар айырбас бағамын тұрақтандырып, инфляцияны ауыздықтауына көмектеседі.

Мысыр қажетті азық-түлік пен отынды сырттан импорттап, субсидия арқылы халыққа тұрақты бағаға сатады. Мұндай тәсіл табиғи бағаны бұзып, алынған азық-түлік пен отынның ысырап етілуіне алып келеді. Субсидиялар мұқтаж емес кәсіпорындар мен шаруашылықтарға да беріледі. Елдің бюджет жетіспеушілігі 31 миллиард долларды құрайды [6].

2013 жылдың басында елдің Орталық банкі спекуляцияларды болдырмау және шетелдік валютадағы қорларын қорғау үшін жаңа айырбас жүйесін енгізді. Оның мақсаты жергілікті валютаның еркін «жүзуін» қамтамасыз етіп, ақшаның бірте-бірте құнсыздануына жағдай жасау еді. Орталық банк Мысыр гинейхін күшейту үшін долларды аукцион арқылы сату жүйесін енгізді. Соңғы күндері Мысыр гинейхі АҚШ долларына қатысты 6.4 деңгейге төмендеді. 2011 жылдан бері Мысырдың шетелдік валютадағы қорлары 60 пайызға төмендеп, қазір \$15 мил-

лиардты құрайды. Яғни соңғы екі жылда 20 миллиард доллар жоғалтқан. Себебі, гинейхтің құлдырауы импортталатын тауарлардың құнының өсуіне алып келеді. Қазірдің өзінде Мысырда тауарлардың бағасы өсіп жатыр. Мурсидің халықты тыныштыққа шақыруына қарамастан мысырлықтар мүмкіндігінше долларды сатып алуға тырысуда. Мысыр халқы гинейхтің құлдырауынан қорқуда. Елде 2011 жылы экономикалық өсім 1.3 пайыз болса, 2012 жылы 3.8 пайыз көлемінде болды. Мысырдың жоспарлау министрлігінің айтуынша, 2012 елдің даму деңгейі 3.3 пайызды, 2013 жылы 4 пайызды құрайды. 2012 жылы жұмыссыздық деңгейі 13 пайызды құрады. Мысырдың сыртқы қарызы 36-38 миллиард долларды құрайды [7].

Мысыр экономикасы халықаралық қорлардан түскен қаржыны мақсатқа сай жұмсап, ел экономикасының жаңа даму үлгісін қалыптастыруы керек. Бюджеттік жетіспеушілікті оңтайландыру, субсидияны басқа жүйемен алмастыру, айырбас бағамын реттеу, сыбайлас жемқорлықпен күресу, сырттан инвестициялар тарту қажет. Ресурстардың аздығы мүлдем жаңа экономикалық стратегияны қажет етеді. Мысырда мемлекеттік органдардың түбегейлі реформалануы қажет. Мемлекеттік қызмет көрсетуші және өндіруші орындардың тиімділігін арттыру үшін олардың жекешелендірілуі қажет.

Қорытынды. Мысырда соңғы екі айда саяси топтар өзара кімнің мықты екенін анықтады. Текетіресте исламшыл күштер басым түсті. Алайда алда болатын Парламенттік сайлаулар исламшылдар үшін де, зайырлы топтар үшін де сынақ болмақ. Исламшылдар қолда бар саяси басымдықты пайдаланып, бар күшін экономикалық мәселелерді шешуге жұмсаулары тиіс. Әйтпесе халық тағы да көшеге шығуы мүмкін. «Мұсылман бауырлар» ұйымы өздерін іс жүзінде дәлелдеуі қажет. Егер олар Мысырды дағдарыстан шығара алса, бұл ел басқа көршілес араб елдері үшін саяси дамудың жаңа үлгісіне айналуы мүмкін. Десек те Мысырдағы саяси дағдарыста исламшылдар жеңді деп айту үшін әлі ерте.

Әдебиеттер

- 1 George Friedman. Egypt and the Strategic Balance // Stratfor Global Intelligence. – December 4, 2012. – P. 2-3.
- 2 <http://www.stratfor.com/weekly/egypt-and-strategic-balance..>
- 3 Egypt News – Revolution and Aftermath // The New York Times. – 2 December 2012. – P.1-9.
- 4 <http://topics.nytimes.com/top/news/international/countriesandterritories/egypt/index.html>
- 5 Mursi: Gains and Losses of the Battle Over the Constitution // Al-Jazeera Centre for Studies. Position Paper. – 15 December 2012. – P. 2-8.
- 6 Amr Hamzawy, Intissar Fakir. Drafting Egypt’s Constitution // Carnegie Endowment Beirut. Middle East. – November 15, 2012. – P.1-5.
- 7 <http://www.carnegieendowment.org/2012/11/15/drafting-egypt-s-constitution/eg68>
- 8 Magda Kandil. Egypt’s Economy: The Downside to Growth // Foreign policy. – December 5th, 2012. – P. 4-5.
- 9 www.foreignpolicy.com/.../egypts_economy_the_downside_to_grow...
- 10 Mursi: The Burden of Leadership Together with a Heavy Legacy // Al-Jazeera Centre for Studies. Position Paper. – 8 November 2012. – P. 2-7.
- 11 Farah Halime. Egypt Tinkers With Exchange System in Bid to Level Economy // The New York Times. – January 9, 2013. – P. 1-3.
- 12 <http://www.nytimes.com/2013/01/10/world/middleeast/egypt-tinkers-with-exchange-system-in-bid-to-level-economy.html?..>